



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.


УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Интернет тілін күнделікті тұрмыс тілінде пайданасыз ба?



19.8 % - жиі

46.2 % - кейде

Саулнамаға қатысушылар, әсіресе, жастар қатары интернет тілін тұрмыс тілінде өзгелерге карағанда әлдеқайда көп қолданатындықтарын білдірді. Демек, бүгінде интернет терминдерін тұрмыс тілінде пайдалану ыңғайлы және жеңіл деп болжам жасай аламыз.

Жаңа ғасыр мен оның жаңа талаптары қарым-қатынаста жаңа тілдік байланыстардың тууын қажет деп санайды немесе ол ескіден жаңа түрге түрленуді қолдайды. Бұл өзгерістер тілдің жаңа формаларын қалыптастыра отырып, интернет қарым-қатынасының ғана емес, сондай-ақ күнделікті тұрмыстың тілдік құрылымын өзгертуге әкеліп соғатыны белгілі [1, 64]. Осыған орай, Дэвид Кристалдің ойынша, интернет тілі өзекті бола отырып, өзінің қалыптасуы жағынан назардан тыс қалмауды талап етеді.

Қай кезеңде, қандай заманда, қай ортада болмасын тілімізде өзгешеліктер мен жаңалықтардың болуы – ол заңдылық. Интернетте жаңа сөздердің пайда болуы бүгін жылдам дамиды үдеріс. Тілдің кез-келген ортада дамуы қоғам дамуымен тікелей байланысты болса, интернет тілі де қоғамдық өзгерістерден шетте қалмайды. Интернет ортасындағы желі терминдерінің күн сайын толығып отыруы интернет тілінің өз алдында дамып келе жатқанынан хабар береді. Желі тіліндегі осындай өзгерістер тілдік қорды толықтырып, оның компоненттерін жетілдіріп, тілге жаңа өзгерістер әкелуімен бүгінде құнды. Жаһандану дәуірінде «интернет тілі» атты жаңа тілдік жазу стилінің қалыптасуы тіл тарихында үлкен жаңалық болып таңбаланып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Crystal D. «Language and the Internet», Cambridge, 2004, 272 б.
2. Walt H. «Glossary of internet terms» 2012, 592 б.
3. Miri, «Интернетте кеңінен қолданылатын термин сөздер», «www.paidaly.blogspot.com»
4. Сатыбалды А. «Чаттардағы сәнді тіл», «www.kerek-info.kz»
5. Seferoğlu S. «Öğrencilerin internet ortamında kullandıkları yazılı sohbet dili üzerine bir araştırma» Kayseri, 2013, 64 б.

ӘОЖ 821.512.122: 82-10

ШӘКӘРІМ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СЫНШЫЛДЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Жалғасова Жазира Ермаханбетқызы

jalgassova.zh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті
кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші - А. Ә. Үсен

Қазақ халқының философиялық – қоғамдық ой пікірлерін зерттеу ХХ ғасырдың басынан қолға алынды. Бірақ бұл зерттеулерде сыңаржақ көзқарас басым. Ол кезде қоғамдық

ойдың қалыптасуын таптық тұрғыдан қарастырды. Бұл бағыт, әрине, ғылымның объективті дамуына кері әсерін тигізді. Барлық даналықты батыс ойшылдарынан, басқадан іздеген кезде ұлттық философиялық ой - пікірлердің тарихына көз жіберуге үстемдік еткен тоталитарлық жүйе мүмкіндік бермеді. Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтардың бірі қазақ халқында өзіне лайықты бай рухани мұрасы бар. Соның негізін философиялық ой тұжырымдар құрады. Дүниеге шынайы көзқарас, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, моральдық мәселелер мен адам туралы ілімдерді өздері өмір сүрген қоғамдық ортаға лайықты қалыптастырды. Ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, билер мен серілер өздері өмір сүрген заманның объективті құбылыстарын әр түрлі деңгейде тұжырымдап көрсете білді. Осының барлығы қазақ халқының философиялық ойлау жүйесінің негізін қалайды.

Қазақ философиялық ойының ең басты ерекшелігі – оның шынайы патриотизмі, халқына деген сүйіспеншілігі, оның болашағы, бақыты үшін күресуге дайын және оған жету жолдарын өз мүмкіндігінше көрсете білуі. Қазақ философиялық ойының тарихы – халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Онда халықтық таным процесімен ұлттық ойлау жүйесі көрініс тапқан. Халықтық сана – қоғамның өсуі, тоталитарлық жүйенің күйреуі, тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, философиялық ойлаудың жаңа түрлері адамзаттың тұтастығы мен ерекшеліктерін бүгінгі заман талабына сай қарастыра отырып, дамытуға мүмкіндік туғызады.

Қазақтың рухани мәдениеті мен зор үлес қосқан ойшылдардың бірі - Шәкәрім Құдайбердіұлы екені анық. Шәкәрімнің философиялық көзқарасы - ұлттық философияның қалыптасуына зор ықпалын тигізген құбылыс. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты», «Үш анық» аталатын еңбектерін, поэзиясын гуманистік және адамгершілік мұраттарды, демократиялық ағартушылық идеяларды уағыздаған мұра деп бағалау керек. Шәкәрімнің философиялық ойларында өзі өмір сүрген дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл – ой ізденістері, талғамды тұжырымдары із қалдырды. Ол қазақ қоғамының рухани өсуіне көмектесуді, жастарды ғылым – білім, өнерге баулуды мұрат тұтты.

Ұлы ойшыл, гуманистік қайшылыққа толы қоғамда өмір сүрді. Шәкәрімнің дүниеге, өмірге, табиғатқа, сан – сала құбылыс көріністерге, дінге көзқарастарында кейбір қайшылықтар кездескенімен, ол ешқашан дінге берілген фанатик, барлығын жоққа шығартып пессимист болған емес. Шәкәрім көбінесе рационализмге, деизмге бейім болды. Бұл философиялық бағыт бойынша дүниені жаратушы бір күш бар дегенді мойындау, оның дәлелі табиғаттың жарасымдылығы, қозғалысы, өмірде ақиқат, шындық, білім – ғылым, ақыл мен сезім дамуы арқылы іске асатынын, адамның болмысты танып білуі адам өзін - өзі жетілдіру арқылы жүзеге асатынын түсінуге болды.

Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты. Оның лирикасында көңіл күйі, ішкі сезім әсерлері, махаббат тақырыбы да елеулі орын алған. Алайда, Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті. Шәкәрімнің ойшылдығының, ақындығына тән фалсафашылдығының сыры не десек, бұл алдымен, әрине оның ойының керемет логикалық қуаттылығынан туған. Сонымен қатар ол көп ізденіп, өте көп оқыған. Қазақтың белгілі ақын, жыршы – жырауларымен қатар арғы – бергі түрік ақындарының, шайырларының, араб, парсы, орыс және Батыс ақындарының шығармаларын өте жақсы білген. Тарих, философия, дінтану, психология, шығыстану, түріктану, салаларындағы түрік тіліндегі, орыс тіліндегі, араб тіліндегі ғылыми еңбектерді ұзақ жылдар жалықпай оқып, қыруар мағлұмат жиған, жан – жақты энциклопедиялық білімі бар ғұлама оқымысты, дана адам болған.

Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты. Ойшыл ақын адамның ақыл парасатына айрықша зор мән береді. Ол адамның сезу, сезіну, дүние болмысты, өмір құбылыстарын сезім арқылы қабылдау, әсерленгіштік қабілет пен не нәрсенің болсын ішкі сырын көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін нәрселердің қасиет – сипаттарын, оймен, ақылмен, логиканың күшімен танып – білу қабілетінің арасын ажыратып, болмыстың,

дүниетану мен моральдың негізгі ақылы деп санайды. Ақыл, парасатты ақыл қандай да нәрсені, құбылысты дұрыс түсініп бағалауға, ақ-қараны айыра білуге мүмкіндік береді. Сондықтан, «ақылмен сыналмаған іс болдырмау» деп түйіндейді. Дүниетанымның, ғылымның да негізгі тірегі - ақыл-ой, ойлау қабілеттілігінің қуаттылығы, ой-тұжырымдарының логикалық қисындылығы деп санайды. Бар ғылымның түп атасы – таза ақыл мен ойлану. Шәкәрім ойлау, ойлану деген ұғымға үлкен мән береді, оны өмір – болмыстың, дүниенің ғажап сырларына терең бойлау, не нәрсені болсын ақылмен сынап, ұғып – түсіну мағынасында алып қарайды.

Шәкәрімнің дүниенің, жаратылыстың қозғаушы күші, адам өмірінің, тіршіліктің мәні мен сыры, жан мен тән секілді мәселелерді ғылыми ұғым түсініктермен ұштастыра толғайтын философиялық өлеңдері өз алдына бір тақырыптық арна болып қалыптасты. Ақынның діншілдігі, жаратушы Аллаға сенімі, оның ойшылдығымен жалғасып, дүниеге көзқарасындағы бірлік – біртұтастықты танытады. Шәкәрім дүниедегі «сансыз кереметті кім жаратса – тәуірі сол» дейді. Тәңіріні іздеу, жаратқан Аллаға сену – ақиқатты іздеу, сол арқылы «ең түпкі жаратушы – мінсіз ие» деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз.

«Тау басындағы ой» деген өлеңінде дөңгеленген жердің күнді айналып жүретінін көзбен көру арқылы емес, ойлау, топшылау арқылы анықталған дегенді айтады.

Күн батып ай, жұлдыздың айналуы-
Шынында дөңгеленген жер жүрісі-ау.
Күн жауды, көз шағылды нажайайлап,
Судан от жаратылып шыққаны анау.
Көктен жаңбыр құяды, жерден бұлақ
Қанша ақса да оларда бар таусылмау.
Жылылық пен салқаннан жаратылған
Ойласам оның түбі жердің буы-ау.
Көз адасты, ой тапты көрдіңіз бе?
Ақылмен сыналмаған іс бұлдырлау.
Көз, құлақ, қол, мұрын, тіл- бәрі алдайды,
Тетігі таза ақылмен өлшеп сынау.[1, 272]

«Ей, жастар, қалай дейсің, бұл дүние» «Күннен неге түсіп тұр мұнша жарық», «Шымсыз жерде көресіз қара топырақ», «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп» деген және басқа да өлеңдерінде Шәкәрім дүниеде таңқаларлық және өте көп, алайда бәрінде де заңдылық, қисын бар деген пікір айта келіп, «себебі тойымдының ісі толық» дейді. Яғни, бұдан дүниенің кереметтігі шексіз болса, жаратушының құдіреті те шексіз деген мағына туады. Шәкәрімнің философиялық өлеңдері ой тереңдігі, пікір сынылығымен, танымдық және моральдық адамгершілік мәселелерін ұштастыра, білуімен оқымысты ақынның өнерпаздық тұлғасына сай интеллектуалдық сипат алған.

Шәкәрім философиясының негізгі өзегі - адам. «Адамның мәні – оның дүниені танып білуінде, ол тек адамға ғана тән нәрсе», - дейді. «Адам немене» өлеңінде Батыстың мәдениетті ел болғанына күдікпен қарап, оның тұрмысы мен болмысына қатысты сындар айтады. Адам бойындағы ең асыл қасиет жүрек тазалығы екендігін анық ұқтырады.

Айла, күш – айуандықтың ең жаманы,
Бокты бокпен жуғанмен ел түзелмес.
Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес.
Құр айтқанмен қолынан түк келмейді,
Ақ жүректі таза адам болса кем-кес.[1, 285]

Шәкәрімнің сол кезде айтылған ойының еш уақытта өзектілігі сақталатындығын бүгінгі қоғамдық даму көрсетіп отыр. Ғылым мен техника күшейіп бара жатқанмен, адамның рухани болмысы әлсіреп барады. Адамзат бір-бірін бағаламайынша, адам бақытқа қол жеткізген емес, деген ойлар Шәкәрімнің шығармашылық кредосы іспетті.

Материалистік түсінікке құрылған жалған ғылым бұл күнде адамзатқа у жегізіп отыр

дейді ақын жолдары. Шәкәрім қазақ халқының ақыны бола тұра осы өлеңнен таза қазақи болмыс, қазақи тақырыптар таппайсыз. Ақын әлемдік биіктен сөйлеп, жалпыадамзаттық деңгейде сөз айтып отыр. Шәкәрім ақын қазақ баласын әлемдік өреде ойлануға шақырады. Әлемдік кеңістікке өз оқырмандарымен шығуды мақсат еткен сияқты. Шәкәрімнің діндер туралы ойы «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар» өлеңінде жалғасып, сыны күшейе түседі.

Бұл кездегі діндердің бәрі нашар,
Ешбірі түзу емес көңілді ашар.
Өңкей, аладу, жалғанды дінім дейді.
Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар.[57, 63]

Шәкәрімнің ойлау еркіндігі бұл өлеңде мейлінше ашылған. Өлеңде ислам дінінің нашарлығы емес, оның тазалығы туралы болып отыр. Шәкәрімнің діншіл адам болғандығында күдік жоқ. Сондықтан да ақын діндерді жете түсінбей, теріс бұзатын діншілдерден қоғап сынаған. Дін –Шәкәрім түсінігінде екі дүниеге –жалған және бақи дүниеге бірдей қатысты. Саясат пен дін екеуін бір арнаға тоғыстыруға, сөйтіп жеке бастың қамына қару қылуға қарсылық білдіреді ақын. Дін –рух тазалығы, ар тазалығы.

Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар. [2, 63]

Шәкәрім танымындағы «жаратушы», «жар», «хақиқат», «шын» деген сөздер – «Құдай» ұғымын береді. Оның шығармашылығында осы сөздер жиі қоданылады.

Көрем десең жарымды,
Мас бол, жүрек тазала.
Өртеп жібер барыңды
Қарсы ұмтыл қазаға [3, 238]

Немесе:

Жарға ғашық болғаным
Таңданатын түк те жоқ,
Жер жаралмай тұрғанында
Менде асықтың нұры бар, [3, 253]

– деген өлеңнің алғашқы шумағындағы «мас бол, жүрек тазала» деген тіркестегі «мас» сөзі «ойға шому» ұғымын береді. Шәкәрімнің жаратушы жайындағы сырлы ойлары поэзия тілімен әдемі сурет болып көркемделген.

Ақын өлеңдерінде «шын» сөзі жиі қолданылады. Адам бойындағы қасиеттердің «шынын», «шын таза жан», «шын сүю», «шын сыр» сөздері арқылы өрнектеп, оны қоғамның жылдамдығымен астастырып, «шын дін», «шын асық», «шын нұр», «шын хақиқат» деген ұғымдарға ұластырады.

«Өзінің ерекше жаратылысымен, ішкі көңіл көздерімен ақын – құдайды танып білуге ұмтылған «шын асық», жоғары сезім иесі. Оның танымындағы «нұр» сөзінің мәнісі тереңде. Өлең сөздеріне әдемілік пен ізгіліктің, жаратушы мен адам арасындағы нәзік байланысты сездіретін «нұр» сөзінің қолданысы ақын шығармашылығының рухани көркем деңгейін ашуда ерекше өң береді. «Нұр» – сөзі Алладан келер мейірімділік, шындық, сұлулық, ізгілік ұғымдарының мәнін жинақтап, көркемдік жүк көтеріп тұр.» [4, 112]

Сонымен Шәкәрім шығармашылығындағы адам болмысының Жаратушымен жарасымдылық табуын уағыздаудың мәні: Адам аллаға, ынсап пен еңбекке ұмтылса ғана жөнделмек. Жаратушыны, алланы, тәңірді сүю арқылы рухани тазаруға жетуді уағыздау – Шәкәрім поэзиясының негізгі өзегі. Осыны жеткізудегі ақын қаламынан туған тың сөз суреттері мен ой образдары оның поэтикалық ерекшелігін айқындайды. Дегенмен ақын сопылық қалыпта емес, қазақи өлеңге, қазақи ұғымға сай, ұлттық поэзия тудырып

оқырманына ұсынған. Сопылық поэзияның бай мазмұны мен түрі қазақ ақындарының жақсы мен жаманды сынау, ізгілікті насихаттау, адам өмірінің мәнділігі, өмір мен өлім жайында, алланың құдыреттілігін баяндаудағы шығыстық әдеби тәсілдер мен амалдарды көркемдік құрал ретінде пайдаланған. Осылайша ақын қазақ поэзиясын мазмұн мен түр жағынан, танымдық, тәлімдік жағынан сапасын арттырған. Сопылық танымның қыр-сырын терең білген Шәкәрім де қазақ поэзиясының кеңістігін кеңейтіп «Иманым» атты жинағында астарлы сөз тіркестерін қолдану арқылы жаңа мағыналық айшықпен ажар қосқан. Ол осындағы өлеңдердің әр шумағы мен тармағындағы тың теңеулер мен метафора, символдарды ұлттық тілдің лексикалық байлығымен, шығыс әдебиетінің классикалық тәжірибесімен ұштастырып, қазақи ұлттық дүниетаным аясын ұлғайтқандығымен сипатталады.

Жар сипатын білсеңіз де,
Нәпсің өлмей, деме Жар.
«Сен – Жарым»депалдағанеп,
Тиеді оқ боп кеудеңе [1, 231]

Қазақ ақындары Құран іліміндегі тамаша қағидаларды, қазақ қауымына өлеңмен жеткізе білген. Олар өз шығармашылықтарында ізгілікті, адамгершілікті, әділетті, махаббатты бейнелеуде әуезді, бейнелі өрнектерді де орны-орнымен пайдалана алды. Әсіресе, Шәкәрім ақынның келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған дүниелерінің денінде сопылық шығыс әдебиетінің терең де бейнелі тұстары бар.

Қорыта айтқанда, ақынның философиялық лирикалары тұтас көркемдік-эстетикалық, діни-теологиялық, әлеуметтік –тарихи құбылыс. Бұл өлеңдерде ұлы ойшылдың адамгершілік позициясы, оның өнерде жасаған концепциясы ар ілімі көрініс тапқан. Алланы тану мен оны сүюде ақынның өлеңдерінде сопылық «жар» ұғымының мәні кең ашылған. «Жар» деген кім?», «Оған жетудің жолы қандай?» - деген сұрақтар аясында ақынның имандылық негізіндегі ар-ұждан концепциясын жасаған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шаһкәрім Құдайбердіұлы. Жол табалық ақылмен. (шығармаларының бір томдық жинағы). Жидебай, 2006.-720б.
2. Шәкәрім Қ. Иманым. Алматы. «Арыс» баспасы, 2000
3. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. –Алматы, 1991.
4. Шаңбай Т. Шәкәрімнің философиялық лирикасы // Шәкәрім. – Семей. -2008. -№3

ӘОЖ 82 – 142

ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ АРҚАУЫ

Жалелов Дәулет Серікұлы

daulet.zhalelov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология факультеті, «қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының III курс студенті Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р. С. Тұрысбек

Қазақ ақындарының мұрасында елдік, отансүйгіштік, рух пен азаттық тақырыбындағы ойлар қай кезде болмасын өзінің құндылығын жойған емес. Арғысы түркі мен бергісі жыраулық ауыз әдебиетін айтпағанның өзінде Абайдан басталатын жазба дәстүр көзімен қарасақта маржандарымыз судың бетіне өзі-ақ қалқып шығады. Бірінді, қазақ, бірін дос, Көрмесең істің бәрі бос, - деп Абай атамыз осы бір сөзінде-ақ азаттығымызбен қазақтығымыздың көрінісін айқындап берді. Абай –азаттықтың жыршысы. Ал осы тақырыпты Абайдан кейінгі толқын қалай жырлады, ақындық өміріне тұғыр ете алдыма сол туралы ой қаузамақпыз.